

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2022 жылға арналған жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 211 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 14-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабы 7), 8), 9) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2- тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 13898 болып тіркелген) № 412 бұйрығына сәйкес Күршім ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік түріне және меншіктің ұйымдастырушылық - құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарда жұмыс орындары квота белгіленсін:

1) ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін;

2) пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы "Күршім ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Күршім ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Күршім ауданы әкімдігінің интернет -ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Күршім ауданы әкімінің орынбасары Р.Д. Умутбаеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы
Күршім ауданы әкімінің
20__ жылғы __ _____
№ қаулысына 1 қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

№ р/н	Ұйымның, кәсіпорынның, мекеменің атауы	Жұмыскерлер саны	Квота мөлшері (% ұйым жұмыскер-лерінің тізімдік санынан)	Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының квотасы
1	Шығы Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Күршім орталық аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын	458	1	5
2	"№3 Күршім гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	100	1	1

3	Күршім ауданының "Ш а б ы т" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	100	1	1
4	"№1 Марқакөл орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	109	1	1
5	Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және та б и ғ а т пайдалануды реттеу басқармасының " Марқакөл орман шауашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	110	1	1

Шығыс Қазақстан облысы
Күршім ауданы әкімінің
20__ жылғы __ _____
№ қаулысына 2 қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

№ р/н	Ұйымның, кәсіпорынның, мекеменің атауы	Жұмыскерлер саны	Квота мөлшері (% ұ й ы м жұмыскер-лерінің тізімдік санынан)	Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан а й ы р у мекемелерінен босатылған тұлғалар үшін ж ұ м ы с орындарының квотасы
1	Күршім ауданының "Ш а б ы т" коммуналдық мемле кеттік қазыналық кәсіпорыны	100	1	1
	Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және та б и ғ а т пайдалануды реттеу			

2	басқармасының Марқакөл орман шауашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	" 110	1	1
---	--	-------	---	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК